

ЖАҢАЛЫҚТАР

Йемендік хуситтер Сауд Арабиясына дронмен шабуылдады

9 тамыз 2026 жыл, 16:00



Йемендегі хуситтер

Йемендегі хуситтер Сауд Арабиясының оңтүстік-батысындағы Джизан қаласындағы Saudi Aramco мұнай өңдеу зауытына дронмен шабуыл жасағанын **мәлімдеді**. Мұны Associated Press хабарлады.

Хуситтер өкілі бұл шабуыл Сауд Арабиясы дрондарының Йеменнің Хаджжа және Саада аймақтарындағы әуе кеңістігін бұзуына қарымта ретінде жасалғанын айтты.

Бұған дейін Сауд Арабиясының энергетика министрлігі Джизандағы Aramco мұнай өңдеу зауытына тиесілі нысанда шыққан өрт сөндірілгенін, қаза тапқандар жоқ екенін хабарлаған. Сауд билігі өрттің себебін жариялаған жоқ.

Жексенбі күні хуситтер Қызыл теңіз жағалауындағы Моча портына зымыранмен және дронмен шабуыл жасады деп хабарлады халықаралық қауымдастық

Йеменнің заңды билігі деп таныған үкіметінің өкілі. Моча – үкімет бақылауындағы негізгі порттардың бірі.

АҚШ террор ұйымы деп таныған және бұған дейін Баб әл-Мандеб бұғазы мен Қызыл теңізде халықаралық кемелерге шабуыл жасаған хуситтер – Иранның ең ықпалды одақтастарының бірі. Кейінгі апталарда хуситтер Сауд Арабиясы мен аймақтағы кемелерге бірнеше рет зымыранмен және дронмен шабуыл жасады.



↓ Жүктеп алу ∨

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған